



ТЕМА ВЕБИНАРА: «Инкубация икры карповых рыб в полевых условиях»



Председатель правления – ректор
НАО «ЗКАТУ им. Жангир хана»

Эксперт



Наметов А.М.

Галимуллина М.Р.

17.10.2022
ЗКАТУ

им. Жангир хана

Мақсаты - тұқы балықтарының уылдырықтарын далалық жағдайда инкубациялау технологиясын баяндау және заманауи іс-шараларды ұсыну.

Тапсырмалар:

1. Тұқытұқымдас балықтарды табиғи далалық жағдайда аулау немесе өндіргіштерін пайдалану;
2. Далалық жағдайда балық уылдырықтарын көбейту нәтижесіне қол жеткізу;
3. Далалық жағдайда балық уылдырықтарын көбейтудің нәтижелері мен тәжірибелері қарастырылып ұсынылады.

ФЕРМЕРЛЕР ҮШІН ТӘЖІРИБЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫ:

Тақырып аясында өсіру технологиясы бойынша бағыт-бағдар алу, ағымдық жұмыстарды үйрену және қажетті іс-шараларды хабардар болуы.

Қазіргі уақытта көптеген су айдындары табиғат пайдаланушыларға жалға берілген, олар өз бетінше су айдындарын балықтандырумен айналысады.

Көп жағдайларда ұрықтанған материалды басқа аймақтан, тіпті көрші елдерден бұл аймаққа тән емес балықтарды сатып алады.

Бұл экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына және басқа өңірлерден ауру қоздырғыштарын әкелуіне соқтырады.

Осылайша, табиғи жағдайда инкубациялау әдісі табиғат пайдаланушыларға шығынсыз табиғи су айдындарындағы кәсіптік балықтардың қорын толықтырып отырады және су айдынының экологиялық тепе-теңдігін сақтайды.

Ол үшін табиғи жағдайда өмір сүретін жергілікті балық түрлерінің өсімін молайту биотехникасын арнайы жылжымалы, мобильді инкубаторийді қолдану арқылы жасауға да болады.

Артықшылықтары:

- мобильді инкубаторий жағдайында жергілікті кәсіптік балықтарды өсіру биотехникасын тездету;
- табиғи ортаға жергілікті балықтардың өсірілген шабақтарын шығару;
- апробация, балық шаруашылығы субъектілері арасында аталған технологияның таралуы және меңгерілуі және табиғи суқоймаларында балық қорын қалыптастыру мақсатында, жылжымалы мобильді инкубатория негізінде абориген балықтарды өсіріп көбейту биотехникасын қалыптастыру

Қиындықтары:

- сыртқы орта факторларының шабақтардың эмбрионалдық және дернәсілдік кезеңінде әсері;
- жыныстық өнімдерді ынталандыру үшін өндірушілерді ұстау кезіндегі оңтайлы термиялық және гидрохимиялық режимді құру мен таңдау;
- өндірушілерді табиғи су ортасынан аулау, ұстау кезіндегі мәселелер.

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі

"Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі

090000, Орал Қ.Ә., Орал қ., Сарайшық к, № 47 үй

Номер: KZ65VER00075981



Ақпарат Запдно-Казахстанской области

Государственное учреждение "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Запдно-Казахстанской области"

090000, Уральск Г.А., г.Уральск, ул. Сарайшық, дом № 47

Дата выдачи: 14.02.2020 г.

РАЗРЕШЕНИЕ
на пользование животным миром
(промысловый лов, любительский (спортивный) лов,
научно-исследовательский лов, мелiorативный
лов, лов в воспроизводственных целях)

Выдано: Некоммерческое акционерное общество «Запдно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана»

Вид пользования: научно-исследовательский лов

Цель изъятия: проведение научных исследований по оценке состояния животного мира

Наименование водоема и (или) Старица реки Урал близ п. Базартобе

участка

Способы изъятия: Отлов

Ответственные лица за использование разрешения:

1. ТУМЕНОВ АРТУР НАСИБУЛЛАУЛЫ
2. САРИЕВ БЕКБОЛ ТОКЕСОВИЧ

Количество объектов, планируемых для изъятия из среды обитания:

№ п/п	Наименование объектов	Количество (килограмм, тош)
1	Лещ	24
2	Сазан	240

Сроки изъятия с 01.04.2020 г. по 31.10.2020 г.

Район (территория) и границы участка предполагаемого изъятия: Запдно-Казахстанская область, Ақжайқинский район, Базартобинский с.о., с. Базартобе

Орудия изъятия:


Наименование орудия изъятия	Количество штук
Объединяющие орудия лова: сети ставные и плавные	12

Плавательные средства:


Название судна	Количество штук
Рез. лодка "Акватория"	1

Уполномоченное лицо: Шауенов Ринат Сатымович

Руководитель управления




Бұл құжат ҚР 2013 жылдан 7 қазіргі таңға дейінгі «Электрондық құжат және электрондық қолтаңба туралы» заңының 7 бабы, 1-тармағына сәйкес қазақ тіліндегі нұсқасымен, Электрондық









2020 жылдың көктем айларында Жайық өзеніндегі балықтардың жайылымдық жерлері мен табиғи уылдырықтау орындарынан алынған судың гидрохимиялық нәтижелері


Су көрсеткіштері	Сынамалар							ПДК*
	Жоғарғы қабаттан			Терең қабаттан			Консервантсыз	
Консервант	H ₂ SO ₄	HNO ₃	CHCl ₃	H ₂ SO ₄	HNO ₃	CHCl ₃	Консервантсыз	
pH	2,05	1,63	5,3	2,2	1,8	5,29	5,72	6,0-9,0 аралығында
Нитриттер, мг/дм ³	0,013	0,032	0,174	0,009	0,024	0,121	0,230	3,0
Ионды аммония, мг/дм ³	0,2	0,3	1,4	2,0	0,1	1,8	2,3	2,0
Нитраттар, мг/дм ³	0	0,6	0	0	1,5	0,1	0	45,0 артық емес
Кальций, мг/дм ³	40	80	40	30	60	50	70	тұрақтанбайды
Жалпы қаттылық, мг-экв/дм ³	4,5	3,5	5,5	6,5	5	6,8	7,0	7,0 (10,0) артық емес
Магний, мг/дм ³	14,8	17,2	15,3	16,1	16,8	15,8	19,9	тұрақтанбайды
Хлоридтер, мг/дм ³	75,1	86,0	89,2	65,3	72,4	88,1	77,9	350 артық емес
Перманг. қышқылы, мг/дм ³	7,5	7,7	7,8	8,2	8,0	8,7	8,5	5,0
Сульфаттар, мг/дм ³	89,7	95,0	95,4	91,0	79,2	81,7	99,6	500
Құрғақ қалдық, мг/дм ³	560	588	579	680	663	684	692	1000 (1500) артық емес
Лайлық, мг/дм ³	2,1	2,4	2,3	2,7	2,0	2,5	2,3	1,5(2) артық емес
Карбонаттар, мг/дм ³	н.о**	н.о	н.о	н.о	н.о	н.о	н.о	тұрақтанбайды
Гидрокарбонаттар, мг/дм ³	250	210	296	257	234	288	305	тұрақтанбайды
Фосфаттар, мг/дм ³	0,15	0,17	0,26	0,14	0,15	0,31	0,35	3,5















№	Өндірістік процесстер	Негізгі процесстердің қысқаша сипаттамасы және кейбір көрсеткіштері
4	Уылдырықтарды ұрықтандыру	<ol style="list-style-type: none"><li data-bbox="503 175 1949 247">1. Ұрықтандыру процессіне дейін алынған уылдырықтарды қараңғылау жерге 30-45 мин дейін ұстай тұруға болады;<li data-bbox="503 254 1742 289">2. Шоғалдарды сақтау 1,5 сағ. дейін, сапасын әрбір 0,5 сағ. сайын тексеру керек;<li data-bbox="503 297 1183 332">3. 1 л уылдырыққа шамамен 3-5 мл шоғал;<li data-bbox="503 339 1970 411">4. Уылдырықпен шоғалдарды су қоспастан бұрын 2-3 мин қаз қауырсынымен араластырып алу керек.









№	Өндірістік процесстер	Негізгі процесстердің қысқаша сипаттамасы және кейбір көрсеткіштері
1	Уылдырықтарды шырыссыздандыру	<ol style="list-style-type: none"><li data-bbox="596 204 2016 304">1. Ұрықтандырылған уылдырыққа (1л 200мл тальк суспенциясын қосу арқылы немес сүт қосу арқылы;<li data-bbox="596 304 2016 347">2. Шырыссызданған уылдырықтардан сынама алу 40мин кейін;



№	Өндірістік процесстер	Негізгі процесстердің қысқаша сипаттамасы және кейбір көрсеткіштері
6	Вейс аппаратында уылдырықтарды инкубациялау Инкубация уақыты	1. 8 л аппарат ыдыстарында жүргізіледі; Су темп. С° 22 20 19 17 16 төмен Инкубацияның созылуы, күн 2,5-3 3,5-4 4,5-5 7-7,5 8 күннен жоғары



№	Өндірістік процесстер	Негізгі процесстердің қысқаша сипаттамасы және кейбір көрсеткіштері
	Дернәсілдерді ұстау	1. Бассейндерде ұстаудың ұзақтылығы 2-3 күн



№	Өндірістік процесстер	Негізгі процесстердің қысқаша сипаттамасы және кейбір көрсеткіштері
9	Дернәсілдерді тасымалдау	<ol style="list-style-type: none"> 1. Дернәсілдерді тасымалдау полиэтиленді пакеттермен жүргізіледі, пакетке 12-20 л су құйып қалған орынын таза оттегімен толтырып 20 сағатқа дейін тасымалдауға болады. 2. Шаруашылық ішінде болса 40 л бидон ыдыстарға тығыздылығы 200-300 мың шамасында 2 сағ. дейін тасымалдауға болады



Уылдырықтарды тасымалдау - ұрықтанған уылдырық эмбриондардың механикалық әсерлерге сезімталдығы аз кезде, яғни даму сатысының басында немесе соңында тасымалдайды.

Әртүрлі балық түрлерінің шылымсыз және қолдан шылымсыздандырылған уылдырықтарын арнайы ыдыста сусыз және субстратсыз тасымалдайды.

Дернәсілалдын, дернәсіл және жас балықтарды тасымалдау - үшін ең тиімді болып полиэтиленді пакет табылады. Стандартты полиэтиленді пакеттің сыйымдылығы – 40 л. Дернәсілалдын, дернәсіл және жас балықтарды бұл пакеттермен тасымалдау техникасы қиын емес.



Дернәсілалдын, дернәсілдерді және жас балықтарды полиэтиленді пакеттерде тасымалдау басқа ыдыстарға қарағанда ыңғайлы және тиімді.

Дернәсілдерді және жас балықтарды осы пакеттермен адам еріп жүрмей-ақ тікелей ұшақпен аттандыруға болады.

Дернәсілдерді және жас балықтарды пакетке көрсетілген мөлшерді сақтай отырып салса, тасымалдау кезеңінде ешбір шығын болмайды.

Аталық, аналық балықтарды алыс қашықтыққа тасымалдау - үшін сумен оттегі толтырылған ірі полиэтиленді пакеттерді пайдалануға болады. Аталық, аналық балықтарды жалпылама тасымалдау үшін суы және аэрация жүйесі бар бактер орнатылған тірі балықтар тасымалдайтын вагондар қолданады. Балықтарды қысқа қашықтыққа тасымалдау үшін 3 мың литрге дейін су толтырылған автомашиналарға қойылған цистерна немесе бактерді қолданады.

Әртүрлі аурулардың қоздырғыштары болып табылатын организмдердің су қоймасына кездейсоқ кіріп кетуінен сақтану үшін тасымалдауды тек ихтиопатологиялық және ветеринарлық қызметкерлер рұқсатымен жүргізеді.



ШАРУАШЫЛЫҚТАРҒА ҰСЫНЫС:

- Мобильді инкубаторияны далалық жағдайда пайдалануға ұсыныс береміз;
- Мобильді инкубаторияны далалық жағдайда пайдалану кезінде ғылыми жетекшілікті араластыруды ұсынамыз.
- Тұқы және сазан балықтарының 3 күндік дернәсілдерімен табиғи және жасанды су қоймаларды балықтандыру мүмкіншілігін ұсынамыз;
- Далалық жағдайда уылдырықтарды алу және инкубациялау биотехникасы бойынша ғылыми және практикалық тұрғыдан қызмет ұсынамыз;

**ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ҮЛКЕН
РАХМЕТ БІЛДІРЕМІН!!!**